


ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2024 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ


2024 жылы Директорлар кеңесі 26 отырыс өткізіп, 283 мәселе қарады. 2024 жылы Директорлар кеңесі қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды басқару және тұрақты даму, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелеріне, менеджмент қызметінің негізгі көрсеткіштерін әзірлеуге, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен амандығына ерекше назар аударды.

- Комитеттер бөлінісінде:
- Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті (ТЖСК): 18 отырыс, 112 мәселе;
 - Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті (СПБК): 10 отырыс, 129 мәселе;
 - Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті (ҚЕҚОҚТДК): 10 отырыс, 55 мәселе;
 - Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (АК): 16 отырыс, 179 мәселе.

ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР САНЫ



ОТЫРЫСТАР САНЫ



2023 жылы Директорлар кеңесі қараған мәселелер, санаттар бойынша

Есептер	- ҚМГ Басқарма төрағасының ҚМГ қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы есебі - ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпарат - ҚМГ Қаржы-шаруашылық қызметінің алдын ала нәтижелері бойынша есеп - ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат - ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеттер төрағаларының есептері - Директорлар кеңесі комитеттерінің 2023 жылғы жұмысы туралы есептер - KMG International N.V. және KazMunayGas Trading AG қаржы мәртебесі туралы - Сенім телефонына келіп түскен өтініштер туралы есеп - ҚМГ Басқармасы қабылдаған, оларды жасасуға мүдделі мәмілелер туралы есеп - Тәуекелдер және қаржылық тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп - ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуы туралы есеп - Мемлекеттік стратегиядағы немесе саясаттағы өзгерістер туралы ақпарат - ҚМГ-ның 2022-2026 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын 2023 жылы іске асыру жөніндегі есеп
Стратегиялық мәселелер	- Жер қойнауын пайдалану құқығын беру - ҚМГ-ның 2023 жылға арналған жекелеген жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту - ҚМГ-ның 2025-2029 жылдарға арналған шоғырландырылған бизнес-жоспары - ҚМГ қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту - ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту - ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясына толықтырулар - ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын 2023 жылы және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында іске асыру туралы есеп - Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері - Басшы қызметкерлерінің мотивациялық қызметінің басты көрсеткіштері карталарын және олардың нысаналы мәндерін бекіту - ҚМГ-ның мұнай сатып алу, мұнай өнімдерін сатып алу-сату туралы шарттар жасасуы - ҚМГ облигацияларын шығару және ҚМГ облигацияларын шығару талаптарын айқындау туралы - Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ҚМГ кепілдіктерін беру 2027 жылы өтеуге жататын орта мерзімді жаһандық ноталарды мерзімінен бұрын өтеу (сатып алу) және мерзімінен бұрын өтеу (сатып алу) бағасын анықтау туралы - ҚМГ-ның 2023 жылғы таза пайдасын бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққанда дивиденд мөлшері - ҚМГ стратегиялық емес активтерін шығару жөніндегі жол карталарын бекіту, ҚМГ-ның стратегиялық емес активтерінің тізбесін бекіту - ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының өзектілігі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025-2029 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2040 жылға дейінгі мұнай-газ химиясы кешенінің дамуы тұжырымдамасын бекіту
Корпоративтік басқару мәселелері	- ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру - ҚМГ Директорлар кеңесінің 2023 жылдың қорытындысы бойынша қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері - Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс жоспарын, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу кестесін бекіту - Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы - ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының 2023 жылғы әрекеттеріне акционерлердің өтініштері - ҚМГ-ның 2023 жылға арналған жылдық есебін бекіту - ҚМГ-ның 2023 жылға арналған тұрақты дамуы туралы есебін бекіту - ҚМГ-ның Ішкі аудит қызметінің верификациясы есепке алынып, 2018-2021 жылдардағы ҚМГ трансформациялау бағдарламасын іске асыру қорытындылары туралы есепті қарау - ҚМГ Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау - ҚМГ Тұрақты даму және ESG тәуекел рейтингі жүйесі - ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асырудың жай-күйі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2060 жылға дейінгі есептелген Төмен көміртекті даму бағдарламасын бекіту - ҚМГ-ның 2024-2025 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту
Мәмілелер жасасу мәселелері	Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу

Еншілес және тәуелді ұйымдар мәселелері	- ЕТҰ бақылау кеңестерінің/директорлар кеңестерінің басшыларын, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін тоқтату «KMG Green Energy» ЖШС-нің Eni Energy Solutions B.V.-мен бірге акционерлік капиталына 49% қатысу үлесімен «Mangistau Renewables» B.V. атты жекеменшік компаниясын құруға қатысуы және «KMG Green Energy» ЖШС-нің Eni International B.V.-мен бірге акционерлік капиталына 49% қатысу үлесімен «Mangistau Power» атты жекеменшік компаниясын құруға қатысуы - ЕТҰ Жарғыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу - ЕТҰ қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштерін келісу - ЕТҰ-ға қатысу үлестерін иеліктен шығару - ЕТҰ-ға қарыз беру
Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	- ҚМГ-ның Омбудсмен қызметі туралы ережесін жаңа редакцияда бекіту - ҚМГ-ның Комплаенс қызметі туралы ережесін жаңа редакцияда бекіту - ҚМГ активтерін сату ережесін жаңа редакцияда бекіту - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін тікелей немесе жанама қозғайтын Қазақстан Республикасы заңнамасын, ҚМГ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының ішкі құжаттарын бұзуға қатысты өтініштерді қарау регламентін бекіту - ҚМГ-да ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі басшылықты жаңа редакцияда бекіту «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатын жаңа редакцияда бекіту - ҚМГ корпоративтік хатшысы туралы ережені жаңа редакцияда бекіту - ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Кадр саясатын жаңа редакцияда бекіту - ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу - ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаур мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу - ҚМГ Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу - ҚМГ басшылық қызметкерлеріне, Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы қызметі, Комплаенс қызметі және Омбудсмен қызметінің қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу
Кадрлық мәселелер және сыйақы	- ҚМГ Басқарма мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау, ҚМГ Басқарма мүшелеріне лауазымдық жалақының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шартттарын айқындау - ҚМГ Басқарма төрағасының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау - Басқарма төрағасының орынбасарларына және Ішкі аудит қызметінің басшысына тәртіптік жаза қолдану
Директорлар кеңесі бөлімшелерінің мәселелері	- Корпоративтік хатшы қызметінің, Комплаенс қызметінің, Ішкі аудит қызметінің, Омбудсмен қызметінің есептері - Корпоративтік хатшы қызметінің, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің кадрлық мәселелері - ҚМГ-ның Комплаенс қызметінің, Омбудсмен қызметінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту

2024 жылғы стратегиялық сессия

2024 жылы 12 шілдеде Директорлар кеңесінің кесте бойынша жоспарланған отырысы өткізіліп, оның аясында ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының өзектілігі, сыртқы ортаны талдау және ірі мұнай-газ активтеріне қатысты ҚМГ стратегиясын іске асырудың ағымдағы жағдайы, сондай-ақ өндіру инновациялары мен технологияларын жетілдіру мәселелері қаралды.

Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелеріне арналған отырысы

2024 жылы 13 қарашада Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелеріне қатысты жыл сайынғы отырысы өтіп, онда мынадай өзекті мәселелер талқыланды:

- ҚМГ тұрақты даму жүйесі;
- ESG рейтинг агенттіктерінің нарығына шолу. S&P 500 талаптары мен критерийлері;
- ҚМГ-ның төмен көміртекті даму бағдарламасын 2023 жылы іске асыру мәртебесі;
- ҚМГ-ның 2060 жылға дейін есептелген Төмен көміртекті даму бағдарламасын бекіту.

Компанияның негізгі мәселелерінің іске асырылуын бақылау

ҚМГ-ның стратегиялық бастамаларына бақылауды жүзеге асыру және уақтылы түзету шараларын қабылдау үшін, сондай-ақ аса маңызды проблемалар туралы ақпарат алу мақсатында Директорлар кеңесі 2024 жыл ішінде төмендегі есептерді үнемі тыңдап, қарастырды:

- ҚМГ Басқарма төрағасының компания қызметіндегі негізгі өзгерістеріне қатысты есептері;
- еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша ақпарат;
- қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері бойынша;
- олар бойынша ҚМГ басқармасы шешім қабылдап, оларды жасасуға мүдделі болған мәмілелер туралы есептер;
- Стратегияны, ҚБК және инвестициялық жобаларды іске асыру жағдайларына шолу;
- ҚМГ-ның шоғырландырылған Даму жоспарын іске асыру туралы есеп;
- Директорлар кеңесінің комитеттері төрағаларының есептері;
- Директорлар кеңесіне шешімдерді орындау туралы есептер;
- Директорлар кеңесіне бағынысты қызметтердің жұмысы туралы есептер.

ҚМГ корпоративтік басқару саласында үздік практикаларға сәйкестікке ұмтылатынын және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкестік пен ашықтық – бұл әлеуетті инвесторлардың, контрагенттердің және өзге де

стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін төмендетуге, оның құнының өсуіне және әл-ауқатының артуына ықпал ететін, инвестициялық тартымдылық пен қызметтің экономикалық тиімділігін ұлғайтудың аса маңызды факторлары екені сезінетінін ескере отырып, 2024 жыл ішінде Директорлар кеңесі ҚМГ-да корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылау жүргізді.

2024 жылы Директорлар кеңесі ҚМГ-ның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті, оның нәтижелерін Директорлар кеңесі тоқсан сайын қарап отырды.

Компанияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі – алқалы атқарушы органның, яғни Басқарманың қызметіне жалпы басшылық пен бақылауды қамтамасыз ететін, акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін басқару органы. Осылайша, тұрақты отырыстардың және Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өзара іс-қимылдың нақты белгіленген тәртібінің нәтижесінде Компания Директорлар кеңесінің мүшелерін ірі акционерлердің көзқарасын жеткізіп, уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Осылайша, Директорлар кеңесі компания қызметінің мәселелеріне, соның ішінде компания үшін қажетті шешімдерді жедел қабылдау, сондай-ақ ҚМГ менеджментіне ҚМГ іске асыратын процестер мен жобалардың тиімділігін арттыруға бағытталған тапсырмалар мен ұсынымдар беру арқылы белсенді қатысты.



Директорлар кеңесі мүшелерінің 2024 жылы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы¹

Директорлар кеңесінің мүшесі	2024 жылғы отырыстар				
	Директорлар кеңесі	Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті	Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті	Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті	Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы ²	8/12	–	–	–	–
Хасенов Асхат Ғалымұлы ³	13/14	–	–	–	–
Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы	25/26	–	–	–	–
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	25/26	–	–	9/10	10/10
Отыншиев Елжас Мұратұлы	25/26	–	–	0/10	–
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	26/26	8/8	15/18	5/5	9/10
Холланд Филипп Малкольм	25/26	14/16	18/18	10/10	–
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы	26/26	16/16	–	5/5	10/10
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	26/26	16/16	18/18	10/10	–
Шәкіров Асқар Оразалыұлы	26/26	–	15/16	9/9	–

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Кодекске сәйкес Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесс бойынша жыл сайын бағаланады. Бұл процесс «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес келеді. Бұл ретте бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

2024 жылы Директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ.

Компанияның корпоративтік басқаруына бұған дейін тәуелсіз диагностиканы 2021 жылы PricewaterhouseCoopers командасы жүргізді, сол кезде корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы аясында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 11 портфельдік компаниясының, соның ішінде ҚМГ Директорлар кеңесінің тиімділігі бағаланған болатын.

Бұл ретте 2024 жылы Кодекс талаптарына сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша сауалнама жүргізу арқылы Директорлар кеңесі мүшелері өзін-өзі бағалады. Өзін-өзі бағалау сауалнамасын Тағайындаулар мен сыйақылар комитеті мен Директорлар кеңесінің төрағалары бірлесіп әзірледі. Сауалнама екі бөлімнен — «Құрам және процестер», «Мінез-құлық және әрекеттер» және 30 сұрақтан тұрды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетте алдын ала қаралды, оның барысында Директорлар кеңесінің Төрағасына тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп, Директорлар кеңесінің отырысы шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау кезінде 2023 жылдың қорытындылары бойынша келесі аспектілерді зерттеу ұсынысы берілді:

- барлық аспект бойынша әртүрлілік.
- сабақтастық жоспары және Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесі.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп (бұдан әрі – 2023 жылғы есеп) Директорлар кеңесінің жабық отырысында ұсынылды

және талқыланды, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы қатысты. 2023 жылғы есепті талқылау шеңберінде Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалау нәтижелеріне талдау көрсетілді және төрт балдан (ең жоғары бес балдан) төмен бағаланған дағдылар мен құзырет көрсеткіштері (бұдан әрі – жетілдіруге болатын бағыттар) қаралды. Осыған байланысты Директорлар кеңесінің бағыттарға қатысты қызметін жетілдіру мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

2024 жылы желтоқсанда өткен Директорлар кеңесінің отырысында 2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға қатысты мәселе қаралды. Қорытындысы бойынша 2024 жылдың нәтижелеріне сәйкес Директорлар кеңесі Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің комитеттеріне, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелеріне және ҚМГ Корпоративтік хатшысына компанияның корпоративтік басқару диагностикасын жүргізу аясында тәуелсіз консультантты тарту жолымен (Дауыс беруші акцияларының 50%-дан астамы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқару диагностикасының әдістемесіне сәйкес) және соның ішінде ҚМГ-ның ішкі аудит жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігін айқындау мақсатында ҚМГ ішкі аудит қызметінің қызметіне сыртқы бағалаумен бірге (Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына сәйкес) сыртқы бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады.

2025 жылы ақпан айында Корпоративтік хатшы Ішкі аудит қызметінің басшысымен бірлесіп, ҚМГ-ның корпоративтік басқару саласындағы консультациялық қызметтерді сатып алуға техникалық ерекшелік дайындады. Оны Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті (Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесінің комитеттерін, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерін және ҚМГ Корпоративтік хатшысын бағалауға қатысты), Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (ҚМГ корпоративтік басқаруының диагностикасы және ҚМГ Ішкі аудит қызметін бағалауға қатысты), сондай-ақ Директорлар кеңесі қарады.

¹ Бірінші сан Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың санын, екіншісі — Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуға мүмкіндігі болған отырыстардың жалпы санын көрсетеді.

² ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін 2024 жылы 15 мамырда тоқтатты.

³ 2024 жылы 28 мамырда ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.